

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

## ИНВЕСТИЦИЯНЫ ТАРТУДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ РӨЛІ

*Казбеков Г.К., Нұргали Ж.Б., Мейрамбекұлы М.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhansaya.nurgali@bk.ru

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына жолдауында «Инвестициялық ахуалды жетілдіруге бағытталған реформаларды әрі қарай жалғастыру ЭЫДҰ және басқа да халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүргізілуі тиіс. Үкіметке үш ай мерзім ішінде инвестициялық ахуалды жақсартудың егжей-тегжейлі жоспарын жасап ұсынуды тапсырамын. Бұдан бөлек, инвесторлармен жұмысты белсенді ете түсу үшін инвесторлар тарту мен инвестициялық ахуалды жақсартуға бағдарланған Үкімет кеңесін құруды тапсырамын» деген болатын [1]. Еліміздің экономикасын өрістететін халықтың тұрмыс деңгейі мен әл-ауқатын арттыру үшін тартымды инвестициялық ахуал қалыптастыру басты міндет болды.

Инвестиция – экономикаға қан жүгіртетін, маркетинг пен менеджменттің заманауи тәсілдерін, жаңа технологияларды, алдыңғы қатарлы техниканы әкелетін күрделі механизм. Ал осы инвестицияның елімізге құйылуы үшін тартымды инвестициялық ахуал туғызу, тұрақты және болашағы бар шетел инвесторларын табу және олардың капиталын басымдылықты салалар, өндірістер, қызмет түрлеріне бағыттау қажет.

Ресми көзқарас бойынша қолайлы инвестициялық ахуал туғызу арқылы шетел инвестициясын белсенді тарту қажет. Сонымен қатар Қазақстан экономикасына шетел инвестициясын кең түрде тарту қолайсыз жағдайларға алып келуі мүмкін деген де көзқарас бар. Бұндай көзқарастың шектен шыққандары халықаралық монополияларға “Қазақстанды сатып жіберу” қаупі бар деген пікір болып саналады. Терең талдау жүргізгенде бұндай көзқарастың негізсіз екендігі дәлелденді және әлемдік шаруашылыққа интеграциялау мақсатын қоя отырып, ашық экономика идеяларын ұстану қажеттілігін түсініп, Қазақстанға капиталдың құйылу үдерісінің объективті екендігін мойындамау мүмкін емес. Шетел капиталын Қазақстанға тарту республика экономикасын дамытудың конъюнктуралық тактикалық емес, стратегиялық міндеттеріне жатады. Елдегі инвестициялық ахуалды дамыту себептерінің біріншісі халық шаруашылығының инфрақұрылымдық нәтижелі өзгерістеріне қол жеткізу болса, екіншісі осы өзгерістерді инвестициялық процестермен тығыз байланыста қарастырмасақ өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру мүмкін еместігі.

Инвестициялық ахуалды жақсартумен байланысты жүйелі мәселерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің төрағалығымен Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес белсенді әрекет етуде. Кеңес ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысымен құрылды [2]. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының инвестицияны тартуда инвестициялық ахуал өзекті мәселенің бірі екені анықталады. Инвестициялық ахуал - капитал салымының тәуекелдік дәрежесін анықтайтын және оны тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін саяси, экономикалық заңдық әлеуметтік және басқа да факторлар жиынтығы. Инвестициялық ахуалды анықтайтын факторлар:

- нормативтік-құқықтық база;
- салық салу;
- ақпараттық қамтамасыздандыру;
- саяси тұрақтылық;
- экономикалық перспективалар;
- сыртқы қарыз.

Осы факторлардың негізінде бір мәселеге тоқталып өтсек: инвесторлардың 75%-ы ЗА (Астана, Алматы, Атырау)-дан басқа ҚР-ның аймақтары туралы ақпаратты аз білуі еліміздің басқа аймақтарына инвесторлардың баруын шектейтіні сөзсіз. Осы тұрғыда бұл мәселені шешу жолы ретінде бірнеше ұсыныстар бар.

Инвесторларды ақпаратпен қамтамасыз етуге жол ашу барысында келесі іс-шараларды қолға алу қажет:

- еліміздің аймақтарындағы инвестициялық мүмкіндіктер туралы ақпаратты дайындау;
- инвестиция керек аймақтардағы проектін дайындау;
- дерекқорды үнемі толтыру және актуализациялау;
- аймақтарда инвестицияға байланысты шаралар ұйымдастыру;
- ақпараттың қолжетімділігін арттыру.

Осы ретте еліміздің инвестициялық ахуал аясындағы жетістіктеріне де тоқталып өтсек, қазіргі таңда Қазақстан аймақтағы ең қолайлы инвестициялық ахуалға ие. Бүгінгі күні Қазақстан – экономикасына тікелей шетелдік инвестиция құю көлемі жөнінен көшбасшылардың бірі. UNCTAD мәліметі бойынша 2014 жылы Қазақстан таза ТШИ құйылуы бойынша әлемде 28-ші орынды иеленген (2013 жыл қорытындысы бойынша 31-ші орынға ие болған), соның ішінде дамушы елдер арасында 16-шы орын, өтпелі экономикадағы елдер арасында 2-ші орын, теңізге шыға алмайтын елдер арасында 1-ші орын. Инвестициялық ахуал рейтингі бойынша Қазақстан аймақтарын келесідей реттік әдіспен орналастыруға болады (кесте 1).

**Кесте 1**

Қазақстан аймақтарының инвестициялық ахуал рейтингі

Реттік нөмірі	Аймақ
Жоғары әлеует – минималды тәуекелділік	
1	Астана қаласы
Жоғары әлеует – аз тәуекелділік	
2	Алматы қаласы
3	Атырау облысы
4	ШҚО
Жоғары әлеует – жоғары тәуекелділік	
5	Қарағанды облысы
Орташа әлеует – минималды тәуекелділік	
6	Ақтөбе облысы
7	Алматы облысы
Орташа әлеует – аз тәуекелділік	
8	ОҚО
9	Павлодар облысы
10	Қостанай облысы
Орташа әлеует – жоғары тәуекелділік	
11	БҚО
12	Маңғыстау облысы
Төмен әлеует – минималды тәуекелділік	
-	
Төмен әлеует – аз тәуекелділік	
13	Қызылорда облысы
Төмен әлеует – жоғары тәуекелділік	
14	Ақмола облысы
15	Жамбыл облысы
16	СҚО

Тартылатын инвестицияның көлемі мен сапасы, оның келтірілуінің қарқындылығы, “инвестициялық ахуал” деп аталатын әлеуметтік – экономикалық түсінікке біріктірілген факторлар кешеніне байланысты. Инвестициялық ахуал туғызудағы ең басты назар аударатын жайттың бірі – елімізде шетелдік инвесторларға салынатын салық пен берілетін жеңілдіктердің заңдық тұрғыдан өзара үйлесімді болуында. Инвесторларды тарту үшін оларды ынталандыру өз кезегінде маңызды орын алады.

Инвесторлар үшін жаңа ынталандырулар:

- кедендік баж төлемдерінен босату;
- визалық режимнің жеңілдетілуі;
- жұмыс күшін жалдаудағы жеңілдіктер;
- салықтан босату;
- инвестициялық субсидиялар;
- заң шығарудың тұрақтылығы;
- инвесторлар құқығын қорғау.

Инвесторларды ынталандыра отырып, еліміздің қандай себептермен инвестиция құюға болатынын атап өтсек, макроэкономикалық ортасы бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 25-ші орынға және мемлекеттік саясаттың мөлдірлігі жөнінен 30-шы орынға ие.

2005ж.-2015ж. қыркүйек аралығында Қазақстанға шетел тікелей инвестициялардың жалпы құйылымы 219 млрд. АҚШ долларын құрады. 2016 жылдың соңына дейін әрекеттегі шетелдік инвесторлар 650-ден астам жаңа жұмыс орындарын құрумен, 180 млн. АҚШ доллардан астам 8 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. 2015 жылы 9 ай ішінде инвестициялар құрылымында өңдеу өнеркәсібінің бөлігі 2014 жылдың 9 айының 14%-дан 18%-ға өсті. Қорытындылай келгенде, қолайлы инвестициялық ахуал – инвестицияның көптеп құйылуына бастар жол десек болады. Республикадағы инвестициялық ахуалдың жылынуы арқасында жаңадан барлық мемлекеттер Қазақстан үшін несиелік жолдарды ашуда. Ел әлеуетіне, болашақ экономикалық қадамдарға қарағанда әлі де сырттан қаржы тартуға мүмкіндіктер жоғары. Дегенмен де, бұған дейінгі қол жеткізілген нәтижелерді сараптасақ, Қазақстан негізінен шикізатқа бай мемлекет ретінде барша инвесторлардың назарына іліккен. Инвестицияның негізгі көзі де сол секторға жолданғаны анық көрінеді. Ендігі мақсат шикізаттық емес секторға тікелей инвестициялар тарту болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, инвестиция тартымдылығы артқан сайын ел экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік те молая түседі

#### Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша <http://www.akorda.kz/kz>
2. <http://invest.mid.gov.kz/>
3. Инвестиция туралы : Қазақстан Республикасының заңы// Егемен Қазақстан <http://adilet.zan.kz/>
4. Темиргалиев Б.Б. Основы внешнеэкономической деятельности Республики Казахстан, А.,1999, 315 с.
5. Инвестициялар // Қазақстан және оның аймақтары
6. Жұмахметұлы Е. Инвестиция қауқары// Қазақстан –Заман.- 2007
7. Бижанова Д. Прямые иностранные инвестиции в республике Казахстан: вопросы эффективности // Саясат, №2, 2004. –Б.15-18.
8. Ергалиев Ж. «Қазақстан экономикалық , әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» // Жас Алаш-2004 жылы